

ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

А.Б. Сманова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАСТАУЫ

Адамдардың объективтік тарихи даму үрдісінде және күнделікті қарым-қатынастар аясында қоғамның бірнеше түрлері болады: өндірістік қоғам, шаруашылық қоғам, акционерлік қоғам, әлеуметтік қоғам, азаматтық қоғам және т.б. Аталған қоғам атауларының ішіндегі айтарлықтай күрделісі, түпкіліктісі адамдардың саналы өмірімен бірге дамып жатқан қоғам, ол азаматтық қоғам. Қоғамның түр сипатына қарай аталған басқа да түрлері тез құрылып, тез арада тарап жатады. Олардың өмірі, іс-әрекетінің шеңбері кеңістігі кең ауқымдылықты қамти алмайды, ұзақтығы тәжірбиеге сүйене қысқартылған мерзімде пайда болып, ыдырап кетеді.

Азаматтық қоғам – мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Осы қатынасқа қатысушылардың табиғи және азаматтық құқықтарын, бостандығы мен міндеттерін автономиялы даму жолы қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғам үзіліссіз болмайды, уақытпен шектелмейді, аумақтық-аймаққа бөлінбейді, мемлекеттің барлық аумағын, халқын біріктіреді.

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері: кеңестік басқарудан мейлінше мемлекеттендірілген күйден шығу, қоғам мен мемлекеттің арақатынасын тәуелсіз дербес дамыту.

Республика Конституциясы Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму сатыларын мемлекетке бағындырмастан әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалайтын нормативтік-құқықтық акт. Оған дәлел ата заңымызда көрсетіліп жазылған баптар құқықтық негізді құрайды. Мысалы меншік тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншік пен жеке меншікті; адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін; отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын; идеологиялық және саяси әр алуандылықты және тағы басқа жаңа Конституцияда бекітілген қазақстандық-азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын көрсете кетсе болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде азаматтық қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру бағыттары көрсетілген. Бұл бағыт мемлекетіміздің ең күрделі, ең жауапты мүдде – мақсаты [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің дербес ел, тәуелсіз республика ретінде қалыптасып жатқанының заңды көрінісі.

Конституция – азаматтық қоғамды қалыптастырушы, мемлекет тарапынан заң шығармашылық қызмет нәтижесінде халықтың мүддесін қамтамасыз ететін негізгі нормативтік-құқықтық акт. Конституцияның баптарында құқықтық, зайырлы, әлеуметтік, демократиялық және азаматтық қоғам ретіндегі мемлекеттің дамуы мен азаматтарының құқықтары мен бостандықтары мазмұндалады. Онда: “Біз ортақ, тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық, мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз”[2] – деп Қазақстанның азаматтары өз еріктерін білдіреді. Осы қабылданған құжат негізінде халқымыз алдына қойған бағыт бойынша қызмет етуде. Бұған дәлел – қазіргі таңдағы елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық-саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар.

Қазақстан Республикасының бүгінгі қолданыстағы Конституциясы елімізде азаматтық қоғамды орнатудың барлық құқықтық құрылымдарын орнықтыруға толығымен мүмкіндік береді.

Негізгі Заңда азаматтық қоғамның ерекше сипатын көрсететін идеологиялық әр алуандылық мәселесі, азаматтық қоғамның негізгі тірегі – үкіметтік емес ұйымдардың қалыптастырылу негіздері,

отбасы жағдайы және жеке меншік мәселесі жеткілікті деңгейде көрініс тауып, өзінің мүмкіндігін әлі толықтай пайдалана қоймағандығын көрсетуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республикада мемлекеттің билік тежемелік және тепе – теңдік жүйесін пайдалана отырып, оны заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлу қағидаларына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылатындығын белгілеген.

Қазақстанның Ата заңы негізінде ұлттық және халықтық егемендіктің орнығуы, мемлекеттің демократиялануының көрінісі болып табылады.

Ұлттық егемендік, ұлттың өз тағдырына өз атына ие болуынан, мемлекеттік, экономикалық және рухани салаларда өзін-өзі тануынан көрінеді. Қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық егемендіктің өз ерекшелігі бар. Мәселе мынада, Қазақстанда бір ғана ұлт – сандаған жылдар бойы өз аумағында тұрып келе жатыр және осында ұлт ретінде қалыптасқан қазақ ұлты. Көптеген елде және бірнеше миллион қазақ диаспорасы тұрғанмен, әлемдегі ешбір елде қазақ ұлты жоқ. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы осы – “байырғы қазақ жерінде мемлекет құрып отырған” тарихи фактіні таныды және оны орнықтырды. Қазақстанда тұратын халықтың жартысынан астамын басқа ұлттың өкілдері құрайды.

Ұлттық егемендіктің діни салада алатын орны айрықша. Ұлттық егемендік көп ұлтты Қазақстан жағдайында қазақ ұлтына, барлық ұлттық топтарға қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларына белсенді араласуы арқылы өздерінің этникалық, мәдени, тілдік болмысын барынша айшықтай көрсетуге мүмкіндік жасалған [3, 20-25 бб.].

Азаматтық қоғамды қалыптастыру негізін салушы нормативтік құқықтық актілер қатары бірнеше. Атап айтқанда Қазақстанда тұратын ұлттық топтардың ұлттық болмысын қолдау идеясын айқындайтын 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған “Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы” декларацияда көрініс тапты. Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың өзіндік мәдениетін, дәстүрін, тілін жаңғырту мен дамыту және ұлттық болмысын нығайту Қазақ КСР мемлекеттегінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі Қазақстан жағдайында тіл туралы мәселенің орны ерекше. Кеңес өкіметі кезінде қазақ тілі орыс тілімен бірге мемлекеттік тіл деп танылғаны мен, қазақ тілінің қолданылу аясы мүлдем дерлік тарылған. Мемлекеттік салада қолданудан шығып қалды десе де болады. Қазақ тілінің мәнін көтеру мақсатында ол мемлекеттік тіл деп жарияланды. Алайда, Парламентте, сондай – ақ бұқаралық ақпарат құралдарында орыс тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру мәселесі де өткір қойылды. 1995 жылғы Конституция бұл мәселелерде елеулі келісімге жол ашты, орыс тілі мемлекеттік органдармен ұйымдарда және өзін - өзі басқару органында “қазақ тілімен бірдей” ресми тіл ретінде қолданылатын болды. Бұл мәселе “ Қазақстан Республикасының тіл туралы” заңында жан – жақты реттелді.

Қазақстан Республикасында аймақтарда 165 бөлімшелері бар 30 – дан астам ұлттық орталықтар жұмыс істейді. Олар – орыс, неміс, ұйғыр, корей, тәжік, өзбек, татар, және тағы басқа ұлт өкілдерінің орталықтары.

Ұлттық егемендік туралы айту үшін, алдымен оның ұғымын түсініп алған жөн. Бұл ұғым әлемдегі көптеген елдердің конституцияларында кездеседі. Үлгі ретінде Франция республикасының 1958 жылғы 4 қазандағы Конституциясымен шектелетін, оның “Егемендік туралы” бөлімінде былай делінеді: “Ұлттық егемендік оны өздерінің өкілдері арқылы және тікелей референдуммен жүзеге асыратын халыққа берілген”. Мұның өзі халықтық егемендікті мемлекеттік егемендікпен шектейді, өйткені екіншісі біріншісінен бастау алады. Оның үстіне мемлекеттік егемендік орасан зор мемлекеттік механизм арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда қазіргі “халық” ұғымы Қазақстан КСРО құрамында болған кездегі “халық” ұғымынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ол кезде Қазақстан халқы КСРО халқының құрамдас бір бөлігі болды. Сонымен бірге заңда Қазақстан халқы ұғымы да болды. Қазақ КСР -ының Конституциясында 1978 жылғы 2-ші бабында: “Қазақ КСР-ында бүкіл билік халық иелігінде. Халық кеңестері депутаттары арқылы мемлекет билігін халық жүзеге асырады”.

Бірнеше жылдан кейін, 1991 жылдың 16-шы желтоқсанында “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” конституциялық заңы қабылданды. Онда қазақ ұлты бірінші рет тарихи, саяси аренаға көтерілді. “Қазақ ұлты республиканың ортақ тарихи тағдыры біріктірген барлық ұлттарының азаматтарымен бірге Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден – бір қолдаушысы және қайнар көзі болып табылатын біртұтас Қазақстан халқын құрады, мемлекеттік билікті тікелей, сонымен бірге өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады” – деп жария еткен (Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995. – 6 бап). Мұндай анықтаманың қазақ ұлтының тағдырында тарихи мәні бар. Заң 150 жылдан кейін бірінші рет бүкіл әлемнің алдында қазақ ұлтының егемендігі Қазақстан Республикасындағы халықтың егемендікке ие болуы негіз болып табылады.

Мемлекеттік нысаны туралы халықаралық қатынастарда ең маңызды мәселе қатрына айналған, бірақ аталған Ата заңымыздың баптарына сай мемлекетіміз қандай бағыттағы нысанды ұстанатынын айқындап алды. Яғни, бізге мәлім мемлекеттік нысанымыз республика, соның ішінде президенттік басқару [4, 356.]. Бұл дегеніміз сайлану және сайлау құқығына ие болу арқылы демократиялық таңдау арқылы мүдделерімізді қорғау және қамтамсыз ету.

Егемен мемлекет – мемлекеттің өзінің ішкі және сыртқы қызметтерін, басқа мемлекеттің ықпалынсыз өз тәуелсіздігін және дербестігін сипаттайтындай қасиетке ие. Мемлекеттің егемендігінің басты белгісі мемлекеттік биліктің үстемдігі болып табылады. Бұл мемлекеттік биліктің үстемдігі шексіз деген сөз емес, оның аумағы Конституциямен, басқа да нормативтік-құқықтық актілермен және заңға сәйкес актілермен белгіленеді.

Әрине мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының белгілеуге және жүзеге асыруға смүмкіндік беретін белгілі атрибуттары болғанда ғана мемлекет дербес және егемен бола алады. Оның бірінші аумағы болу керек. Қазақстан аумағы ерте заманнан қалыптасты. Мемлекеттің Қазақстан аумағындағы жоғары билігі, әлі қалыптасу үстіндегі мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл, әрине, егемендіктің сапасына, яғни ішкі сондай – ақ сыртқы саясатының қалыптасуы мен жүзеге асырылуына әсер етпей қоймайды. Мысалы ретінде заң шығару органы мен Президенттік биліктің қалыптасу процесін аламыз. Қазақстан Республикасы заң шығару органының кеңестік нысаны – бірпалаталы жоғарғы кеңесті қабылдады. Соңғы жылдары Жоғарғы Кеңестің сайлау екі рет өтті. Алайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бірінші ретте 1993 жылдың соңында өкілеттік мерзімі аяқталмай – ақ өзін-өзі таратты. Жоғарғы Кеңеске екінші сайлау 1994 жылғы наурызда өтті және дәл бір жыл болған ол заңсыз деп танылды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы жаңа Конституциясы бойынша Парламенттің Қазақстанның халықаралық шарттарын бекіту және олардың күшін жою құқығы бар. Жаңа Парламент екі Палатадан Мәжіліс және Сенаттан тұрады және оның Конституциялық өкілеттігі ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелерін заң қабылдау жолмен шешудің заңдық негізін жасайды.

Қазақстан Республикасының егемендігінің жүзеге асыруға Үкіметтің де қосатын белгілі бір үлесі бар. Ол республиканың әлеуметтік – экономикалық саясатының, қорғаныстық қабілетінің қауіпсіздігінің негізгі бағыттарын әзірлейді, қоғамдық тәртіптің қамтамсыз етілуін және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады, сыртқы саясатты жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді. Республиканы қорғау үшін қарулы күштер, сондай – ақ шекара әскерлері құрылды, олардың қызметі арнаулы заңдарда белгіленді.

Тәжірибеде көрінгендей, Қазақстан Республикасын құқық жүйесі әлем елдерінің демократиялық даму тәжірибесін ескере отырып қалыптасуда. Қазақстан Республикасы 750 жуық халықаралық шартқа отырды 40 – тан астам мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты және 15 халықаралық ұйыммен тығыз байланыс жасайды.

Егемендіктің басты атрибуттарының бірі - өз азаматтығының болуы. Осыдан келіп 1991 жылғы 20 желтоқсанда егемендік алынысымен Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заң қабылданды. Әр мемлекет басқа мемлекеттің егемендігін құрметтеуге, оның ішкі ісіне араласпай өз аумағы шегінде оның құныны қорғап заң шығарушылық, атқарушылық билікті және сот билігін жүзеге асыруға міндетті. Бұл БҰҰ-ның 1970 жылғы 24 қазанындағы жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қатынаспен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларациядан туындайды.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның байланысы ерікті сипатта болу керек, белгілі қарама-қайшылықтар туындай бастаған сәтте оларды екі жақты түрде, бір келісімге келіп шешу керек. Сонда ғана мемлекет пен азаматтық қоғам бір-бірімен өмір сүре алады деген тұжырымдамаға әкеліп тоқтатады.

Азаматтық қоғам мемлекеттегі саяси билік өкілдерімен өзара байланыс механизмі арқылы жүзеге асырылады. Өзара байланыс механизмі биліктің бөлінісімен, саяси плюрализммен, ресми оппозициямен, демократиялық заңдармен ұштаса әрекет жасайды [5].

Ықпалдасу мен әрекеттесу тең-теңдігін сақтаудың шарты биліктің бәсекелес, легитимді түрде болуын қалайды, азаматтық қоғам элементтерінің дамыған деңгейін жалғастыруды, билік пен қоғамның заңға тәуелділігін арттыра түсу жолдары және жеке адамның бұзылмайтын және дербес құқықтарының жиынтығы арқылы мемлекет билігінің шектелу жолдары шартты азаматтық қоғамға да, сонымен мемлекеттегі саяси билікке де әсер етеді.

Қазақстан Республикасының негізге алатын Конституциялық құрылысы, елдегі билікті күшпен шектеп кетпеуіне қоғам алдында кепілдік беретін іргетасы болып саналынады.

Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас, өйткені оның бірден-бір бастауы Қазақстан халқы

және мемлекеттің егемендігі. Әйтседе бұл билік өзінің бөліну қағидасына сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында биліктің бөлінуі – Қазақстан қоғамында бірыңғай биліктің мәні жағынан, қызметі жағынан бөлінуін білдіреді. Бұл бөлініс билікті бүтіннен ажыратпайды бірақ жаңа тәуелсіз мемлекеттің саяси және заңдық тұрғыдан икемді болуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бөлінуі мемлекеттік органдар мүмкіншіліктерінің жай ғана шектелуі, ара жігінің ашылуы емес. Мемлекет билігінің әрбір тарамдары жоғары дәрежеге ие болып, мемлекетте өз қызметтерін дербес түрде жүргізеді. Бірақ бұл олардың мемлекетте толық билікті жүргізетіндігін білдірмейді. Мемлекеттік биліктің әрбір тармағы бірін-бір толықтырып, өзара байланыста болғанымен, бірі екіншісінің қызметіне, міндетіне кедергі келтіріп, бірін-бірі ауыстырмауы қажет. Тек осы жағдайда ғана олар жеке бостандық пен қоғамдық қажеттілік арасындағы қатынасты бір қалыпта ұстап, олардың тұтас алғанда, жүйелі дамуына қызмет етеді.

1. Карл Поппер. Ашық қоғам және оның жаулары. 1 том. Платонның сиқырлы тартымдылығы. / Ауд. Т.Жандәулетов. – Алматы: “Үш Қиян”, 2004. – 504 б.
2. ҚР Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған. - Алматы: Жеті жарғы, 2008.
3. Сартаев С.С., Назарқұлова Л.Т. Қазақстан Республикасының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы, 2005. – 464 б.
4. Коваленко А.И. Правовое государство: концепции и реальность. – М., 1993. – 150 с.
5. Баймаханов М.Т. Верховенство права как системообразующий признак понятия правового государства // Научные труды “Әділет”. – 2001. – № 1(9). – С. 36-46.

В статье рассматривается роль и значение Конституции РК на процесс формирования гражданского общества. А также описан комплексный анализ конституционных правовых основ в формировании гражданского общества в Республике Казахстан и вывод о том, что для стабильного развития гражданского общества нужна твердая и неувязимая нормативно-правовая база.

The article discusses the role and importance of the Constitution of the RK on the formation of civil society. Also describes a comprehensive analysis of the constitutional legal framework in the formation of civil society in the Republic of Kazakhstan and the conclusion is that for the stable development of civil society needs a strong and invulnerable legal regulatory framework.

А. Оразалиева

ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ПРАВОВОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ

Главным показателем правовой культуры личности является правомерное поведение человека, сформированное в результате целенаправленного развития индивидуального правового сознания. Процесс формирования личности, способной жить в обществе, опираясь на приобретенные привычки, нормы, именуется социализацией. Личность как субъект социальных, психологических, политических, экономических и иных отношений испытывает влияние многих факторов, которые в совокупности и определяют общее направление и характер его действий, на формирование целей и мотивов деятельности, определенных качеств, определяется социальная позиция. То есть личность выступает субъектом процесса социализации. Как отмечает М.Т. Баймаханов, социализация – это процесс приобщения человека к важнейшим социальным ценностям, процесс передачи обществом ему того социального опыта, который накоплен прежде и приумножается в настоящее время [1].

Одним из видов социализации является правовая социализация, т.е. умение личности воспринимать правовые нормы, согласовывать свои действия с требованиями права, пропускать эти нормы через свое внутреннее убеждение, через сознание.

Для каждого общества характерны свои, специфические ценности, но вместе с тем есть и такие ценности, которые “единодушно приняты во всех высших формах культуры”. Такие ценности Э. Фромм называет гуманистическими. В юридической литературе существует мнение относительно того, чтобы эти гуманистические ценности называть истинно правовыми ценностями [2].

К гуманистическим ценностям можно отнести принцип формального равенства. Очень часто нарушается принцип формального равенства как основной правовой ценности. К сожалению, право, существующее ныне, способствует формированию полностью бюрократизированного индустриального общества. В таком обществе личность ничего не может противопоставить формальному и утрированному пониманию государственным чиновником принципа “закона и